ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

# BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

# ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

**ЖУРНАЛИСТИКА** сериясы
**JOURNALISM** Series
Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

**№1 (126)/2019**

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2019
Astana, 2019

Бас редакторы **Қайрат Сақ**
*филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

**Редакция алқасы**

| | |
|---|---|
| Алдабергенов Қырықбай | Т. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Асанов Қойлыбай | Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Әбдіманов Өмірхан | Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Әбішева Вера | Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Бейсенқұлов Аязби | Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан) |
| Браун Михаил | PhD, проф. (АҚШ) |
| Дзялошинский Иосиф | Ф. ғ. д., проф. (Ресей) |
| Жақып Бауыржан | Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Жусупова Алматай | ф.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| Ирназаров Кудрат | Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан) |
| Корконосенко Сергей | Саяси ғ. д., проф. (Ресей) |
| Қара Әбдіуақап | Т. ғ. д., проф. (Түркия) |
| Қозыбаев Сағымбай | Т. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Лебедева Татьяна | Ф. ғ. д., проф. (Франция) |
| Нұртазина Роза | Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Омашев Намазалы | Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Ризун Владимир | Ф. ғ. д. проф. (Украина) |
| Саид Агил бин Шех | PhD, проф. (Малайзия) |
| Саудбай Мадияр | PhD, проф. (Қазақстан) |
| Сердәлі Бекжігіт | Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан) |
| Тахан Серік | Т. ғ. д., проф. (Қазақстан) |
| Тоқтағазин Мұратбек | Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан) |
| Халилов Әбдіғани | PhD, проф. (Қырғызстан) |
| Ченгел Хулия Касапоғлы | PhD, проф. (Түркия) |
| Шайхитдинова Светлана | Филос.ғ.д., проф. (Ресей) |
| Шалахметов Ғаділбек | Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан) |
| Шестеркина Людмила | Ф. ғ. д., проф. (Ресей) |
| Шульцман Петр | Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан) |

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Ілияс Құрманғалиев
Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: **vest_ journalism@enu.kz**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы**
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

**© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
*Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

**Editorial board**

| | |
|---|---|
| Aldabergenov Kyrykbai | Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| Asanov Koilybay | Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Abdimanov Omirkhan | Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Abisheva Vera | Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Beisenkulov Ayazbi | Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| Brown Michael | PhD, Prof. (USA) |
| Dzyaloshinski Iosif | Doctor of Philology, Prof. (Russia) |
| Jakyp Baurjan | Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Zhussupova Almatay | Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| Irnazarov Kudrat | Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan) |
| Korkonosenko Sergei | Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia) |
| Kara Abdulvahap | Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey) |
| Kozybayev Sagymbai | Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| Lebedeva Tatiana | Doctor of Philology, Prof. (France) |
| Nurtazina Roza | Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| Omashev Namazaly | Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan) |
| Rizun Volodymyr | Doctor of Philology, Prof. (Ukraine) |
| Syed Agil bin Shekh | PhD, Prof. (Malaysia) |
| Saudbayev Madiyar | PhD, Prof. (Kazakhstan) |
| Bekzhigit Serdaly | Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| Takhan Serik | Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| Toktagazin Muratbek | Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| Khalilov Abdygani | PhD, Prof. (Kyrgyzstan) |
| Çengel Hülya Kasapoglu | PhD, Prof. (Turkey) |
| Shaikhitdinova Svetlana | Doctor of Philosophy, Prof. (Russia) |
| Shalakhmetov Ghadilbek | Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan) |
| Shesterkina Ludmila | Doctor of Philology, Prof. (Russia) |
| Shultsman Petr | Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia) |

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev
Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: **vest_ journalism@enu.kz**

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series**
Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.
Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.
Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.
Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies
Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)
**© L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Кайрат Сак**
*кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаулетов** *к.ф.н., доцент (Казахстан)*
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** *PhD (США)*

**Редакционная коллегия**

| | |
|---|---|
| Алдабергенов Кырыкбай | Д. ист. н., проф. (Казахстан) |
| Асанов Койлыбай | Д. ф. н., проф. (Казахстан) |
| Абдиманов Омирхан | Д. ф. н., проф. (Казахстан) |
| Абишева Вера | Д. ф. н., проф. (Казахстан) |
| Бейсенкулов Аязби | К. ф. н., доцент (Казахстан) |
| Браун Михаил | PhD, проф. (США) |
| Дзялошинский Иосиф | Д. ф. н., проф. (Россия) |
| Жакып Бауыржан | Д. ф. н., проф. (Казахстан) |
| Жусупова Алматай | К. ф. н., доцент (Казахстан) |
| Ирназаров Кудрат | Д. ист. н., проф. (Узбекистан) |
| Корконосенко Сергей | Д. полит. н., проф. (Россия) |
| Кара Абдиуакап | Д. ист. н., проф. (Турция) |
| Козыбаев Сагимбай | Д. ист. н., проф. (Казахстан) |
| Лебедева Татьяна | Д. ф. н., проф. (Франция) |
| Нуртазина Роза | Д. полит. н., проф. (Казахстан) |
| Омашев Намазалы | Д. ф. н., проф. (Казахстан) |
| Ризун Владимир | Д. ф. н., проф. (Украина) |
| Саид Агил бин Шех | PhD, проф. (Малайзия) |
| Саудбай Мадияр | PhD, проф. (Казахстан) |
| Сердали Бекжигит | К. ф. н., асс. проф. (Казахстан) |
| Тахан Серик | Д. ист. н., проф. (Казахстан) |
| Токтагазин Муратбек | К. ф. н., асс. проф. (Казахстан) |
| Халилов Абдигани | PhD, проф. (Киргизстан) |
| Ченгел Хулия Касапоглу | PhD, проф. (Турция) |
| Шайхитдинова Светлана | Д. филос. н., проф. (Россия) |
| Шалахметов Гадильбек | Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан) |
| Шестеркина Людмила | Д. ф. н., проф. (Россия) |
| Шульцман Петр | К. н. искуств., доцент (Казахстан) |

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев
Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: **vest_ journalism@enu.kz**

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА**
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

**© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

# Мазмұны

## *БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ*

***Арын Е.М., Арын Р.С.*** Медиа кеңістіктің эволюциясы: қоғам мен үкіметтің байланысы ........ 8

***Нұртазина Р.А.*** Қазақстанның ақпараттық саясаты және медиа-жобалау .......... 20

***Садықов С.*** Қазақстандағы гендерлік саясат және журналистика ........................ 27


## *ЖАҢА МЕДИА*

***Әлімжанова А.Б., Исабек Н.Е.*** Мультимедиалық мәтін трансформациясы ....... 39

***Демьянова Ю.А., Абишева В.Т., Джакипова Д.Ж.*** Заманауи СМЖ форматтағы медиалық тұлғаның имиджін қалыптастыру тұжырымдамасы 45

***Құтым Л.Қ., Есенбекова Ұ.М.*** Цифрлық ортада ақпараттың адамға әсерін медиапсихологиялық тәсілдермен талдау ........ 53

***Тахан С.Ш., Байғожина Д.О.*** Мәдениеттен медиа-мәдениетке: қоғамдағы заманауи коммуникациялық қатынастардың жаңа құбылыстары ........ 59


## *PR ТЕХНОЛОГИЯСЫ*

***Құсайынова М.М., Ишанова А.Қ.*** Қазақстандық әлеуметтік медиа үлгісінде маркетинг-сторителлинг техникасы ........ 67


## *ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА*

***Мұтарбекқызы А.*** Шынайылық – деректіфильмнің түп-тамыры ........................ 74


## *ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ*

***Омашев О.Н., Сәйдірахман Ұ.*** Кеңестік қазақ баспасөзі: ұлттық мүдде және саясат қайшылығы ........ 81

# Contents

## *PUBLISHING AND INTERNET MEDIA*

***Aryn Ye.M., Aryn R.S.*** Evolution of media space: communications between the society and authorities ........................................................................................ 8

***Nurtazina R.A.*** Information policy of Kazakhstan and media projection ............................... 20

***Sadykov S.*** Gender policy and journalism in Kazakhstan ........................................ 27

## *NEW MEDIA*

***Alimzhanova A.B., Issabek N.E.*** Transformation of Multimedia Text ...................... 39

***Demyanova Yu.A., Abisheva V.T., Dzhakipova D. Zh.*** The concept of the formation of the image of the media personality in the modern format of the QMS ................... 45

***Kutym L.K., Yessenbekova U.M.*** Analysis of the impact of information in a digital environment on a person by media psychological methods ....................................... 53

***Tahan C.Sh., Baygozhina D.O.*** From culture to media culture: new phenomena of modern communication relations in society .............................................................. 59

## *TECHNOLOGIES PR*

***Kussainova M.M., Ishanova A.K.*** Marketing-storytelling technique on the example of Kazakhstan social media ........................................................................... 67

## *TELERADIOJOURNALISTIKA*

***Mutarbek A.*** Authenticity - is the root of documentary film ..................................... 74

## *HISTORY OF JOURNALISM*

***Омашев N.O., Saidirakhman U.*** Soviet origins of the Kazakh press: national interests and political contradictions ........................................................................... 81

# Содержание

## *СМИ И ОБЩЕСТВА*

***Арын Е.М., Арын Р.С.*** Эволюция медиа-пространства: связи общества и власти ........................................................................................................ 8

***Нуртазина Р.А.*** Информационная политика Казахстана и проекция СМИ ..... 20

***Садыков С.*** Гендерная политика в Казахстане и журналистика .......................... 27


## *НОВЫЕ МЕДИА*

***Алимжанова А.Б., Исабек Н.Е.*** Трансформация мультимедийного текста ........ 39

***Демьянова Ю.А., Абишева В.Т., Джакипова Д.Ж.*** Концепция формирования имиджа медийной личности в современном формате СМК ................................. 45

***Кутым Л.К., Есенбекова У.М.*** Анализ влияния информации на человека в цифровой среде медиа-психологическиим методами ........................................... 53

***Тахан С.Ш., Байгожина Д.О.*** От культуры к медиакультуре: новые феномены современных коммуникационных отношений в социуме ..................................... 59


## *ТЕХНОЛОГИИ PR*

***Кусаинова М.М., Ишанова А.К.*** Техника маркетинг-сторителлинга на примере казахстанских социальных медиа ........................................................................ 67


## *ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА*

***Мутарбек А.*** Подлинность - корни документального фильма ............................ 74


## *ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ*

***Омашев О.Н., Сайдирахман У.*** Советские истоки казахской печати: национальные интересы и политические противоречия ........................................................................ 81

ҒТАМР 19.21.07

**С. Садықов**
*Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*
*(*E-mail: *Sadykov.51@mail.ru)*

# Қазақстандағы гендерлік саясат және журналистика

**Аңдатпа.** Бұл мақалада гендерлік саясаттың адамдардың мәдениетіне, әлеуметтік рөліне, мүмкіндіктері мен корпоративтік, әлеуметтік және жеке қарым-қатынасына әсері қарастырылады. Гендер адам өмірінің ажырамас бөлігін қарастырады, наным-сенімге әсер етеді, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің қоғамдағы рөлін айқындайды.

Қазақстан журналистикасы гендерлік саясаттың өзекті мәселелеріне назар аудара бастады. Бұл жөнінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасы мен Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының «Қазақстандағы гендерлік журналистика бойынша оқу бағдарламаларын күшейту» атты семинар-тренингінде (Алматы, 2018, 2-3 қараша) жан-жақты талқыланды.

**Түйін сөздер:** ислам, мұсылман әйелдері, әйел-ана, гендерлік теңдік, феминизм, дискриминация, демография, гендерлік теңсіздік, құқықтық сауаттылық, гендер және БАҚ.

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-126-1-27-38**

**Зерттеудің өзектілігі.** Мұсылман әйелдердің құқығы VII ғасырда қамтамасыз етілген. Ұлы Мұхаммед пайғамбар әйелдерді еркектермен тең дәрежеге жеткізген: Жаратушы алдында еркек пен әйел тең [1].

Құранда әйелдердің исламдық ұстанымы иуда-христиандық дәстүрден түбірімен өзгешеленеді. Құранға сүйенер болсақ, әйелдердің міндеті бала туумен ғана шектелмейді. Ол кез-келген адам сияқты көп қайырымды іс жасауға тиіс [2].

Мұсылман әйелдер бірінші кезекте жанұясының игілігі мен Жаратушысына құлшылығын ойлайды. Ислам әйелдерге қоғамдық-саяси мәселелермен айналысуға тиым салмайды, қоғамды дамытуға, көркейтуге атсалысатын әйелдерді мадақтайды. Ислам дініндегі әйелдердің құқықтары мәселесімен айналысатын Н.Юсупова «Исламдағы әйелдер құқықтары» деген кітабында былай деп жазады: «Әйелдердің Алла жолында жасайтын ең игілікті ісі мен жұмысы, ол – үй шаруасымен айналысу, балаларға тәрбие беру, үйін көріктендіру және еріне көмектесу» [3].

Арабтанушы, Эдинбург университетінің профессоры Уильям Монтгомериннің айтуынша: «Мұхаммедті тарихи контексте әйелдердің құқықтарын қорғаушы тұлға ретінде қарастыруға болады, өйткені ол әйелдерге жалпы кепілдік береді» [4].

Жанұядағы әйелдің теңдессіз рөлі жайында айтар болсақ, ең бастысы – әйел – ана, ұрпақ жалғастырушы, әрбір жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік ізгі қасиеттер ананың, яғни, әйелдің тәлім-тәрбиесінен бастау алады. Қазіргі кезде мұсылман әйелдері бір жағынан түрлі қоғамдық салаларда өз қабілет-қарымдарын дәлелдесе, екінші жағынан, жанұясында бала тәрбиелеуде, аналық, жұбайлық рөлін атқаруда міндет биігінен көрінеді. Бұл жанұяға көңіл бөлу мен әйелдің өзекті рөліне қатысты Ислам тағлымдарының нәтижесі болып табылады. Ислам қағидалары бойынша, әйелдің жанұяны гүлдендіріп, көркейту, өмірге нәресте әкеліп, тәрбиелеу, жан жылуын беру ісі Аллаһ тағала жолында джихад жасаумен тең.

Құранды орыс тіліне аударған Валерия Порохова былай деп жазады: «Жер бетінде сіз мұсылман әйелінің құқығынан асып түсетін әйелді таба алмайсыз, тіпті қазіргі таңда мұсылман әйелінің құқығына тең құқықты әйелді кездестіру де қиын» [5].

Библиядағы Құдайдың «Сен азаппен бала туатын боласың..» деген сөзі күллі христиан әлемінің әйелдеріне ақтық үкім болды. Христиан дәуірінің беделдісі саналған Тертуллиан былай деген: «Сендер, әйелдер, өз көйлектеріңнен, өз сұлулықтарыңнан, өздеріңнің шыққан тектеріңнен ұялуға тиіссіңдер...». Христиан еркектері өз дұғаларында былай дейді: « ... О, Жаратушым, мені еркек етіп жаратқаныңа алғысым шексіз...».

Гендер мәселесі XIX ғасырдың аяғында көтеріле бастады. Феминизмнің отаны - христиандық Еуропада әйелдер XVIII ғасырдың аяғына дейін теңсіздікте болды. «Англияның Қоғамдық Заңында» тұңғыш рет мынадай түзету еңгізілді: «Бұдан былай жұбайы өзінің жұбайының мүлкін оның ықтиярсынсыз сатуға құқы болмайды, алайда оның мүлкін өз қалауы бойынша басқаруға және иелік етуге құқылы, сол сияқты әйеліне де иелік етуге құқылы» [6].

1990 жылдардың басында жекелеген теориялық пайымдаулар да гендерлік бөлініс проблемалары теріске шығарылып, зерттеушілер жынысаралық өзгешелік мәселелерін шешуде ақылға қонымсыз пайымдауларға бой алдырды [7].

XX ғасырдың 60-жылдары АҚШ пен Батыс Еуропада гендер саясаты кең өріс алды. Ол қоғамда гендерлік теңдікті орнықтырып, әйелдерге қатысты түрлі дискриминацияның алдын алуға бағытталды. Осылайша, капиталистік елдерде әйелдердің құқығын қорғау мәселесі туындады.

Феминистік идеялар көптеген мәселелер бойынша академиялық талқылауларға ықпал ете бастады. Батыста пайда болған феминизм әділетсіздік, дискриминацияға қарсы күрес мақсатын ұстанады. Дегенмен де бұл ағым әйелдің табиғилығы мен жаратылысын дұрыс бағаламайды, нәзік жандылардың отбасылық және тәрбиелік рөліне жете мән бермейді. Феминистер әйелдің бала тәрбиесіндегі, баланың физиологиялық және табиғи қажеттіліктерін өтеудегі рөлін елемейді, мінез-құлықтағы ауытқулардың салдарынан әйелдердің жыныстастық тұрғыдағы теріс пиғылдарға бой алдыруларына себепкер болуда [8].

Ежелгі дәстүр бойынша ер адамдарға қоғамдық өмірдің түрлі салаларында интеллектуалдығымен, кәсіби қызметке икемділігімен табыс биігінен көріну тән болса, әйелдер негізінен, нәзіктік құндылықтарымен бағаланады. Бұл орайда әйелдерге қарағанда ер азаматтардың жоғары нәтижелерге жетулерге мүмкіндіктері мол болып есептеледі. Егер әйелдер жұмыста жоғары нәтижелерге жететін болса, бұл кездейсоқ сәттілік немесе өзге де сыртқы себептермен түсіндіріледі. Ғылыми тұрғыдан келгенде әйелдердің биологиялық немесе психологиялық және интеллектуалдық жетімсіздігі назарға алынады.

Қазақстанда гендер ұғымы өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастау алады. Елімізде әйелдер мәселесімен айналысатын 150-ден астам үкіметтік емес ұйымдар бар. Қазіргі таңда гендерлік психология проблемасы айрықша маңызға ие болып отыр. Қоғамда еркек пен әйел психологиясына, олардың әлеуметтік рөліне жаңа көзқарас қалыптасуда. Осы тұрғыдан келгенде, қолда бар материалдарды ой елегінен өткізу қажеттілігі зерттеудің өзектілігін айқындайды.

**Зерттеу нәтижелері.** Ежелгі қазақ қоғамында ана-әйелдің мәртебесі биік болған. Бір қолымен бесік, екінші қолымен әлем тербететін ананы халқымыз асқақтата білген. Ерлігімен танылған қазақ қыздарының тарихи тұлғасы қазір де ел аузында. Халқымыз Айғаным, Зере, Ұлпан секілді аналарын көкке көтерген. Билігіне бағынып, бітіміне көнген. Қазақ хандығы тарихында мемлекеттік деңгейде мұрағаттық құжаттарға түскен тарихи тұлғалар қатарында қазақ қыздары да бар. Олар туралы сөз қозғағанда Әбілқайыр ханның жұбайы Бопай ханымды, Уәли ханның жұбайы Айғаным ханымды, Кеңесары ханның қарындасы, көзсіз батырлығымен даңқы шыққан Бопай ханымды еске аламыз. Қазақ хандарымен сол тұстағы қазақтың белді тұлғалары ғана емес, сонымен бірге Ресей, Хиуа, Бұхара және өзге де елдердің мемлекеттік қайраткерлері таныс болды. Сөз жоқ, қазақтың қыздарының арасында қазақ хандығының қиын-қыстау кезеңінде қазақтың бас ханы Әбілқайырдың жа-

нынан табылып, қиналған шағында еріне қолдау көрсеткен, 1748 жылы 15 тамызда хан өлгеннен кейін тек қана отбасына емес, жалпы қазаққа ақылшы болып, ел тыныштығы мен бірлігін сақтауға үлес қосқан, көпке үлгі болған Бопай ананың орны ерекше. Оған Ресей мұрағаттарындағы құжаттар толық дәлел бола алады. Бұл арада түпдерек құжаттар Ресейдің Орынбор және Мәскеудегі Ресей Империясының Сыртқы істер мұрағатында көптеп кездеседі. Бұл жөнінде профессор Ә.Мұқтар «Еліне тірек болған Бопай ана» атты зерттеу мақаласында жан-жақты баяндайды [9].

Бопай ханымның мемлекеттік деңгейдегі саяси қайраткерлігі 1748 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан қаза тапқаннан кейін анық көзге түседі. Қалыптасқан саяси жағдайда ол ішкі бірлікті сақтап жаңа хан сайлауды ұйымдастырып, Ресеймен байланысты сақтауға күш салады.

Қазақ елі кеңестік құрсаудан босап, Тәуелсіздік жолына түскен алғашқы жылдары қоғам мүшелері психологиялық күйзеліске ұшырады, тұрмыс жағдайы төмендеді, қалыптасқан өмір сүру дағдысы күйреді, тәрбие жүйесі қоғамның, мемлекеттің бақылауынан тысқары қалды. Елде бей-берекеттік орын алған осындай қиын кезеңде қазақ әйелдері күнкөріс қамымен бизнесте, сауда-саттықта, экономиканың саналуан салаларында ер-азаматтармен қатар іскерліктерін танытa білді. Осылайша әйелдер мәртебелі биіктен көрінді. Уақыт өте келе елімізде гендерлік саясат мәселесі алдыңғы орынға шықты. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев: «... Тәуелсіз Қазақстан әйелдерінің саяси және экономикалық мәртебесін арттыру – уақыт талабы, бұл мақсатқа жету менің ұдайы назарымда» деген болатын [10].

Егемендіктің алғашқы жылдарында әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысу проблемасына жете мән берілмеді. «Қазақстан-2030» стратегиясында шағын несие беру қарастырылып, Президент үкіметке нақты тапсырма берді. Несие алған 17 мың адам жеке бизнесін ашқан болса, оның 63 пайызы әйелдер болған [11].

Қазақстанда отбасылық және гендерлік саясатқа баса мән беріледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы №1190 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат» тұжырымдамасы қабылданды [12]. Тұжырымдамада Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Уақыт өте келе, Қазақстан Респубикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат» Тұжырымдамасы бекітілді [13]. Бұл тұжырымдамада отбасылық және гендерлік саясат саласындағы жетістіктер мен өзекті мәселелерге баса назар аударылып, еліміздегі 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясатты дамыту сараланды. Сондай-ақ өзекті саясатқа қол жеткізудің шетелдік модельдеріне талдау жасалып, республикада 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясатты қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері сарапқа салынды.

Әйел қазақ қоғамы үшін, қазақ мемлекеті үшін қашанда ардақты саналған. Еліміздің тең жартысы әйелдер қауымынан тұрады. Қазіргі статистикаға жүгінер болсақ, Қазақстан Республикасы Парламентінің құрамында 22 әйел бар. Бұл депутаттардың 15 пайызын құрайды. Ауыл әкімдерінің 18 пайызы, округтердегі 12 пайыз әйелдер, педагогтардың 73, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары - баспасөз, телевизия, радио, әлеуметтік желілер гендерлік саясаттың өзекті мәселелерін назардан тыс қалдырған емес. Арнайы телерадио бағдарламалар ұйымдастырылып келеді, жер-жердегі мерзімді баспасөздердегі түрлі жанрлардағы материалдар көңіл аударады. Мұндай жарияланымдардың авторлары да сан қилы. Айталық, Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық сотынан кеңсе меңгерушісі Н.Жұмаділұлы қазіргі қазақ-қоғамында гендерлік саясат туралы сан түрлі пікір қалыптасып отырғанын айтады [14].

«Бірі аталған саясатты мақтап жатса, енді бірі даттап жатады, - дейді автор. – Біз гендерлік саясатқа келмей тұрып, әйелдің орнын айқындап, қамқорлықтың сан қилы стратегиясын жасап қойған халықпыз. Ал, қазіргі жүргізіліп жатқан гендерлік саясат ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешудің бастапқы қадамы, алғышарты деп бағалау қажет.

Қазіргі уақытта гендерлік саясатқа халық арасында ғана емес, мемлекеттік мекемелер тарапынан да ерекше көңіл бөлініп отыр. Мысалы, әр мемлекеттік мекеменің гендерлік саясатты қолдауға бағытталған өздерінің іс-шаралары бар. Бірақ, оның өзі жеткіліксіз. Кейбір отбасындағы тұрмыстық қатынастардағы жағдайдарды да ескеруіміз қажет. Өйткені, уақыт өткен сайын кейбір отбасыларда әйел адамның құқықтарының бұзылуы былай тұрсын, өміріне қауіпті жағдайлардың туындап жататынын жиі кездестіреміз. Сол себептен бүгінгі күні біз бірлесе отырып осы құбылысқа қарсы бағытталған жаңа қолжетімді күрес жүргізуге жұмылуымыз қажет.

Гендерлік  саясатты алдағы уақытта дамытуға үлес қосқан жөн. Өйткені, статистикаға қарасақ, аудандық ішкі істер бөліміне соңғы жылдары отбасындағы зорлық-зомбылықтың әсерінен күйеуінің атына арыз жазған әйелдер саны азаймай жатқаны анық. Басты себебі күйеуінің ішімдікке салынып, әйеліне тыныштық бермей, соққыға жығуының салдарынан ол істер сотта қаралады.

Гендерлік саясатқа өзге қырынан қарасақ, елімізде әйел адамдардың бәрі бірдей өз құқығын біліп, қорғай алмайды. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жатқандар да көп дейтін пікірлермен келісеміз. Гендерлік саясат ашық түрде насихатталып, тұрмыстық зорлық-зомбылық  орын алған отбасы мүшелерімен әңгімелесіп, сотқа дейін жеткізбей шешу, гендерлік саясаттың жүзеге асуына баршамыз ықпал етуіміз керек деп ойлаймын».

Гендерлік саясат мәселелерімен ұдайы айналысып отыратын тағы бір маманның ой-пікіріне құлақ  түрер болсақ, еңбек нарығында орын алатын дискриминация әрекет ету аясына және оның нәтижесіне байланысты жіктелетінін алға тартады [15]. Әйелдерді жұмысқа қабылдау немесе жұмыстан шығару кезіндегі дискриминация, яғни жұмысқа қабылдау кезінде әйелдер соңғы орында ал, жұмыстан шығару кезінде бірінші кезекте тұрады. Нақты бір мамандықтар немесе лауазымдар шеңберіндегі дискриминация (әйелдердің мұндай жұмысты орындауға қабілеттілігі бар болғанына қарамастан, нақты бір қызмет түрімен, лауазыммен немесе мамандықпен айналысуына шектеу қою немесе тыйым салу), кәсіби карьерада қызмет бабы бойынша жоғарылату кезіндегі дискриминация (әйелдердің қызмет бабы бойынша өсуіне шектеу қою) деп атап көрсетсе болады.  Демек, гендерлік саясат еңбек нарығы қызметімен тығыз байланысты.

Гендерлік саясат әйелдердің теңдігін сақтауды және оларды кемсітуге жол бермеуді заң жүзінде бекітуді, өздерінің құқығын іс жүзінде пайдалану мүмкіндігін білдіреді. Ал әйелдер қоғамдық жұмысты атқарып, отбасына да уақытын бөліп, балаларының тәрбиесімен де айналысып жүр. Гендерлік саясатқа бюджеттен бөлінетін қаржының көлемі жыл сайын артып келеді, - деп хабарлады «Гендерлік сезімтал қоғамдық сананы жетілдіру (гендерлік стереотиптерді жою)», «Жыныстық ерекшеліктері бойынша зорлық- зомбылықты жою» тақырыптарында өткен қоғамдық тыңдау барысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы Қ. Асылов [16].

Оның айтуынша, үстіміздегі жылы үкіметтік емес ұйымдармен ортақ жобаларды жүзеге асыратын әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің саны артты. Жалпы 2018 жылы республикада түрлі бағыттар бойынша, соның ішінде гендерлік саясат саласында 1600 әлеуметтік жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

«Мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен гендерлік саясат саласындағы бірлескен жұмысы әлеуметтік жобалар санының өсуімен қатар, гендерлік саясатты жүзеге асыруға бөлінетін бюджет қаржысының көлемін арттыруға да мүмкіндік берді»,

- деп хабарлады министрлік өкілі. Соңғы 5 жыл ішінде ел бойынша гендерлік саясат аясында 500-ден аса әлеуметтік жоба жүзеге асырылса, гендірлік теңдік стратегиясының «Қоғамдық-саяси өмірде гендерлік теңдікке қол жеткізу» бағытын жүзеге асыру аясында Қазақстанда Әйелдер көшбасшылығы мектептерінің республикалық желісі құрылды. Оның құрамына мемлекеттің барлық аймақтарынан 69 үкіметтік емес ұйым енді.

Әйелдер көшбасшылығы мектептері аясында көшбасшы әйелдерді тұлғалық өсім мен оларды қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуде белсенділіктерін арттыруға бағытталған семинар-тренингтерде, шеберлік сағаттарында оқыту үрдісі жүйелі түрде жүргізіледі. Өзекті мәселелерді жергілікті деңгейде шешу үшін халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарымен кездесулер ұйымдастырылады.

«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Ж.Базар Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның кезекті отырысы өткенін хабарлайды [17]. Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіхалықова Ұлттық комиссия бастамасымен қолға алынған «25 пайдалы іс» атты республикалық акциясын өткізуде әйелдер қауымының үлкен үлесі бар екенін жеткізді. «Акция аясында дарынды жетім балаларды қолдау, балалар дәрігерлік мекемелерін жабдықтау, кәсіпкер әйелдерді тегін оқыту және басқа да маңызды шаралар ұйымдастырылды», - деді ол.

Бұдан кейін Жоғарғы сот, Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі өкілдерінің «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» тұжырымдаманы жүзеге асыру, сондай-ақ, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстары әкімдіктерінің Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын орындау жөніндегі ақпараттары тыңдалды.

Аталған ақпараттар бойынша, елімізде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту ісі дұрыс жолға қойылған. Бұл мәселеде Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық рейтингінде 47-орынға ие болып отыр. Сондай-ақ, жиында атап өтілгендей, Ұлттық комиссияға әділ төрелікке қол жеткізе алмай жүрген әйелдерден шағымдар жиі түсуде. Мысалы, 2015 жылы соттарға түскен қылмыстық істер бойынша жәбірленушілердің 43,1 пайызы әйелдер мен балаларға тиесілі болыпты.

Сонымен бірге, отырыста елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты азайтуға бағытталған нақты шаралар қабылданып отырғаны, құқық бұзушыларға ықпал етудің нәтижелі тәсілі заңдық тұрғыда енгізілгені, құқық бұзушылармен профилактикалық әңгіме жүргізу, қорғау ұйғарымдарын шығару жолға қойылғаны сөз болды. Бұған қоса, жиында сот алдында құқық бұзушылардың тәртібіне ерекше талаптар қою өкілеттігі берілгені, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңды қабылдаған кезден бері ішкі істер органдары қызметкерлерінің араласуымен 206 мыңнан астам қорғау ұйғарымы шығарылғаны, соттар тарапынан құқық бұзушылардың тәртібіне қатысты 22,5 мың ерекше талаптар қойылғаны айтылды. Өз кезегінде Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің өкілі «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы шең¬берінде әйелдерді жұмысқа орналастыруға қатысты қабылданып жатқан іс-шаралар туралы мәлімет берді. Бұл мәліметке қарағанда, қазіргі таңда әлеуметтік келісім-шартқа 74,8 мың әйел қол қойған. Олардың 46,8 пайызы ауыл тұрғындары көрінеді. Сонымен қатар, әйелдерге ауыр жүк көтеру мен оны қозғауды шектеу нормалары қарастырылған 287 жұмыс тізімі бекітілген.

Журналист Б.Нұржанқызы Шымкент қаласындағы «Қасиетті жол» қоғамдық қорының балаларды оңалту орталығы сегізінші маусымын салтанатты түрде қорытындылағанын хабарлайды [18]. Мұнда ем алған церебралды сал ауруына шалдыққан балалар мен олардың ата-аналары орталық қызметкерлеріне алғысын білдіріп, балаларын емдеген мамандарға шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырып берді.

Осы іс-шараға қатысқан «Шымкент келбеті» және «Понорама Шымкента» газеттерінің ұжымы ата-аналарды балаларының тәй-тәй басқан қадамымен құттықтап,

балғындарға тәттілер үлестірді. Көңіл толқытарлығы Бахтияр Спанов бастаған облыстық қуыршақ театрының ұжымы да сахналық көрініс қойып, балаларға шаттық сыйлады.

Жиында сөз алған облыстық журналистер одағының төрайымы, «Шымкент келбеті» және «Понорама Шымкента» газеттерінің бас редакторы Айгүл Қапбарова науқас балалар мен олардың ата-аналарының көңіліне медет, болашағына үміт ұялатқан «Қасиетті жол» қоғамдық қорына алғыс айтты.

«Қасиетті жол» қоғамдық қайырымдылық қорының оңалту орталығы «Ұлт болашағы – дені сау балалар» жобасы аясында 2017 жылдың тамыз айында ашылған болатын. Орталыққа «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат» қоры АҚ қолдау көрсетіп отыр. Әлеуметтік маңызды жобаны іске асыруға «Нұр Отан» партиясы да қол ұшын созған. Бұл орталықта жағдайы төмен отбасындағы сал ауруына шалдыққан балалар тегін емделеді. Бүгінге дейін орталықта 575 бала емделсе, қазір 50 бала ем алуды жалғастыруда. Орталықта балалармен жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған, тиісті салада тәжірибесі мол дәрігерлер мен педагогтар бар. Балғындар толық медициналық тексеруден және тегін оңалту курсынан өтеді. Науқас балалар әр 3-6 айда 21 күндік оңалту курсынан өте алады.

Елімізде демографиялық өсім жыл санап жақсарып келеді. Бұл жетістіктер ауылдық жерлерде де аңғарыла бастағандай. Айталық, жүз жетпіс мыңнан астам халқы бар Жетісай ауданында жыл басынан бері 75 ана «Алтын алқа», 223 ана «Күміс алқа» иегері атанған. Бұл жөнінде «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тілшісі А.Жайымбетов материалында баяндайды [19].

Иә, осындай жетістіктерге жету жолында алтын құрсақты аналар мен жібек мінезді жеңгелердің, қадамы құт дарытқан келіндердің зор үлесі бар. Әрине, әр нәрсе Алланың қалауымен болады. Десек те, оның ар жағында «барған жерімді бақытты етсем, ұрпағын көбейтсем» деген ибалы келіндердің ізгі ниеті жатыр десек, қателеспейміз. Көп балалы аналарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық та аз емес. Үкімет тарапынан берілетін түрлі әлеуметтік жеңілдіктерді айтпағанда, жергілікті әкімдер де ерекше назар аударып келеді.

Кеңестік дәуірде қазақ қыз-келіншектері мен әйелдері ер адамдарша еңбек етіп, абырой-даңқ биігіне көтерілді. Сондай жандардың бірі тракторшы, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаева болатын. «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Нәзира Жәрімбет марқұм жөнінде «Кәмшат та қазақтың бір асылы еді» деген естелік толғау материал жазды [20].

Қазақстанда тың және тыңайған жерлердің игерілуіне байланысты өткен ғасырдың 60-жылдары елде жаппай механизаторлар дайындау науқаны басталады. Кәмшат келін боп түскен Ақсуат ауылында да тракторшылар курсы ашылады. Сол курста Кәмшат пен сол ауылдың қызы Құндызай оқып шығады. Архив материалдары анықтағандай, ол 1966 жылы алғаш рет жоспарды екі есе орындап, «МТЗ-5» тракторының алдына жалауша ілген екен. Ол кезде трактор рулінде қазақ қызы жоқтың қасы ғой. Бір күн жұмыстан қалмайтын, көрсеткішін ай сайын жаңалап отыратын Кәмшат партияның да, басшылардың да назарына ілінеді. Өзгелерге үлгі етіп ұсынуға түсі де, ісі де келіп тұрған Кәмшаттың аты газет-журнал, радио арқылы қазақ даласына жайылды. 1977 жылы Кәмшат Дөненбаева «Қыз-келіншектер трактор руліне отырайық!» деген үндеу тастады. Ол осылай бүкіл елдегі механизатор қыздардың көшін бастады. Еңбекте де, өмірде де ысылды. Талай рет республикалық, одақтық жарыстарда алдына жан салмады. Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қандай атақ алса да, өзінің маңдай тері болатын.

Кеңес дәуірінде кеудесі орден-медальге толы еңбек адамдары компартияның съездеріне делегат болып қатысып, алақанын қыздырып, қол соққан дүрмектің қатарында отырып қайтатын. Кәмшатты солардай еңбек адамы десек те, өзгелерден өресі биік еді. Ол 1974-1989 жылдар аралығында КСРО Жоғарғы Кеңесінің үш шақырылымына қатар депутат болып сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. Шаруашылықтағы жұмысының сыртында қаншама қоғамдық жұмыстарды атқарды.

Ресей Федерациясы Федералдық жиналысы Кеңесі мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттер парламентаралық ассамблеясының ұйымдастыруымен «Әйелдер жаһандық қауіпсіздік пен орнықты дамуды жақтайды» деген тақырыпта Еуразия әйелдер форумы өтті. Бұл жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінде арнаулы бет берілді. «Әйелдердің жаһандық форумы жолында» деген тақырыпта берілген есеп-материалдың авторы Мемлекеттік хатшының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Майраш Көзжанова Қазақстан делегациясы құрамына Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар басшылары, қоғамдық ұйымдар өкілдері кіргенін айтады [21].

Форумның пленарлық отырысында Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіхалықова сөз сөйлеп, елімізде Ауғанстандағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөнінде өңірлік конференция өткенін, оның қорытындысы бойынша Астана декларациясы қабылданып, аталған мемлекеттегі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудегі өңірлік өзара іс-әрекеттің бағыттары айқындалғанын баяндады. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің «Әйелдер. Бейбітшілік пен Қауіпсіздік» атты 1325-інші қарарын толық қолдайды.

Келесі басымдық – орнықты даму. Бүгінде экономиканы дамытуға қажетті жағдайдың бірі – оған әйелдердің толыққанды атсалысуы. Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз етуде елеулі жетістікке жетті.

Тағы бір басымдық – рухани-адамгершілік саласы. Қазіргі кезде мәңгілік рухани құндылықтар жаппай тобырлық теріс ықпалға ұшырауда. Оған қарсы тұру үшін біздің елде қоғамдық сананы жаңғыртудың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданды. Соның нәтижесінде бүгінде ұлттық тарих пен мәдениетке қоғамның қызығушылығы айтарлықтай артты.

Мемлекеттік хатшы әйелдерді саяси және экономикалық жағынан ілгерілету, гендерлік үйлесімге қол жеткізу мәселелері бойынша Қазақстанда қабылданған шаралар жөнінде айтып берді. Мәселен, «БҰҰ әйелдер» ұйымымен бірге «Ұлттық әлеуетті кеңейту, отбасылық-гендерлік саясатты жүзеге асыру бойынша ведомствоаралық өзара іс-әрекеттің тиімді шараларын әзірлеу мен үйлестіру, әйелдердің ұлттық өндіріске қосар үлесін ұлғайту және оны 1, 5, 8 және 10-шы Орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) тиімді іске асыру үшін өсіру, Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық сипаттағы зорлық-зомбылықпен күресудің көпсекторлы тәсілін енгізу» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізілуде.

Г.Әбдіхалықова гендерлік саясат жүргізу мәселелері бойынша Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен белсене ынтымақтастық орнатып отырғанын айтты. 2017 жылдың қорытындысында Дүниежүзілік экономикалық форумның гендерлік даму индексі бойынша Қазақстан әлемнің 144 елі арасынан гендерлік алшақтық жөнінен 52 орын алды.

Мемлекеттік хатшы әңгімені түйіндей келе, Қазақстанда қазір жаңа 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатқанын, ол гендерлік теңдікке қол жеткізуге септігін тигізетін маңызды жайттың бірі – әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейтінін атап өтті.

Форумда Қазақстанда әйелдер барлық салада, соның ішінде қарулы күштер мен құқықтық қорғау орындарында да өз орнын сәтімен тауып отырғаны айтылды. Кез-келген азаматтық қоғамның дамуы әйелдердің атсалуынсыз ескіліктің жұрнағы болып саналады, бүгінгі қоғамдағы әйелдердің нақты мүмкіндіктеріне жаңаша көзқараспен карауға жағдай туғызу қажет.

**Нәтижелерді талқылау.** Қазақ әйелдерінің ғасырлар бойғы отбасылық дәстүрлі мінез-құлқы жайында сөз қозғар болсақ, күйеуіне, үлкендерге деген инабаттылық, бала тәрбиесі тұрғысынан бағаланғаны белгілі. Бұл нормалар ұлттық сипатқа ие болды. Ал, қазіргі нарық заманында, информациялық кеңістікте әйелдердің іс-әрекеті, қызметтік кәсіби із-

